



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 4 желтоқсан

Қазақстан Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемені 9,25% деңгейде сақтау шешімін қабылдады

Бүгін 4 желтоқсанда Қазақстан Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемені +/-1% пайыздық мөлшерлемелер дәлізімен 9,25% деңгейде сақтау туралы шешім қабылдады. Өтімділікті ұсыну және алып қою операциялары бойынша мөлшерлемелер де тиісінше 10,25% және 8,25%-дық деңгейде өзгеріссіз қалдырылды. Бұл жөнінде Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев телевизиялық БАҚ-қа арналған брифингтің барысында айтып берді.

Ол ресми қайта қаржыландыру мөлшерлемесі де 9,25%-дық деңгейде қалды деп атады. «Базалық мөлшерлемені сақтау туралы шешімнің негізінде Қазақстан Ұлттық Банкінің инфляцияның болжанатын серпіні бойынша бағалауы жатыр. Базалық мөлшерлеме бойынша алдыңғы шешіммен салыстырғанда олар маңызды өзгерген жоқ», - деді Д. Ақышев.

Ол 2019 жылы жылдық инфляция жаңа 4-6% нысаналы дәліздің ішінде оның жоғары шегіне жақын қалыптасады, кейінгі жылы одан әрі бір қалыпты төмендейді деп толықтырды. Оның айтуы бойынша, болжанатын келешекте Қазақстан Ұлттық Банкі инфляция басымдықпен 5-5,5%-дық шекте сақталатынын күтуде. «Базалық мөлшерлеме бойынша келесі шешімдер 2020 жылдың соңына қарай инфляция бойынша 4%-дан төмен орта мерзімді мақсатқа қол жеткізу міндетін ескере отырып қабылданады», - деп түсіндірді Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы.

Данияр Ақышев осы шешімге әсер еткен факторлар туралы да айтып берді. Ол **жылдық инфляция** қазан мен қарашаның қорытындылары бойынша нысаналы дәліздің төменгі шегіне жақын 5,3% болып қалыптасты, ол соңғы үш жылдағы ең төменгі мән болып табылады деп атады.

«Инфляцияның серпіні жеміс-көкөніс өнімінің бағасы төмендеуіне негізделді. Бұдан басқа, ішкі өндірістің өсуі аясында бензиннің бағасы төмендегені байқалды. Нәтижесінде, осы нарықта өткен жылғы күзде байқалған теріс күйзеліс толығымен жойылды. Ақылы қызметтер инфляциясының серпіні реттелетін қызметтер тарифтерінің уақытша төмендеуін енгізу аясында қалыпты болды», - деп түсіндірді Д. Ақышев.

Базалық мөлшерлеме бойынша кезекті шешім 2019 жылғы 14 қаңтарда Астана уақытымен сағат 17:00-де жарияланады.

Данияр Ақышев – Экономикадағы инфляциялық қысым бұрынғысынша сақталуда

Данияр Ақышев экономикадағы инфляциялық қысым бұрынғысынша сақталуда екендігін атап өтті. Қазанда неғұрлым құбылмалы бағалары бар құрауыштардың жалпы

инфляцияға ықпалын болдырмайтын **базалық инфляция** жылдық көрсеткіш бойынша қыркүйектегі 6,2%-бен салыстарғанда 6,3%-ға дейін көтерілді.

«Базалық инфляция серпіні тұтынушылық сұраныс тарапынан қолдауды, сондай-ақ өңдеуші саладағы және ауыл шаруашылығындағы ресурстардың соңғы айларда байқалған қымбаттауының ықпалын білдіреді. Қазанның қорытындысы бойынша **күтілетін инфляция** деңгейі нақты инфляция деңгейінен жоғары қалыптасты – 6,3%. Алайда оның пікіртерімнің қарашадағы толқын қорытындылары бойынша төмендеуі күтіледі», - деді Қазақстан Ұлттық Банкінің басшысы.

Экономикадағы проинфляциялық қысым **ішкі сұранысты** кеңейтуді жалғастыруда. Халықтың 9 айдағы нақты кірісінің өсімі 3,4%-ды құрады. Бұл жөнінде Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев телевизиялық БАҚ-қа арналған брифинг барысында айтып берді.

Ол банктер жеке тұлғаларға тұтынушылық мақсатқа 10 айда берген кредиттерінің көлемі өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 25,4%-ға немесе 581 млрд теңгеге ұлғайғанын атап өтті. Бұл банктердің тұтынушылық қарыздары портфелінің қазанда жылдық көрсеткіш бойынша 12,9%-ға өсуіне әкелді.

Ол сондай-ақ **сыртқы сектор тарапынан** инфляцияның негізгі тәуекелдері мұнайдың болашақтағы бағаларына қатысты белгісіздік, сондай-ақ негізгі сауда әріптес елдердегі инфляцияның өсу үрдісінің жалғасуы екендігін айтты.

«Қарашада Brent маркалы мұнайдың бағасы бір баррель үшін 75 АҚШ долларынан 60 АҚШ долларынан төмен деңгейге дейін төмендеді, ол жыл басынан бергі ең төменгі мән болып табылады. Негізгі сауда әріптес елдердегі инфляцияның өсу үрдісі жалғасуда. ЕО-да жыл басынан бастап инфляцияның деңгейі 1,7%-дан 2,2%-ға дейін, Қытайда – 1,8%-дан 2,5%-ға дейін, Ресейде – 2,5%-дан 3,5%-ға дейін өсті», - деп сөзін қорытындылады Д. Ақышев.

Данияр Ақышев – Кредиттеу нарығы қалпына келуде

Қарашаның соңында **Қазақстан Ұлттық Банкінің алтын валюта резервтері**, алдын ала деректер бойынша, 30 млрд АҚШ долларын құрады. **Еліміздің халықаралық резервтері** 87,8 млрд АҚШ долларына жетті. Ол туралы Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев телевизиялық БАҚ-қа арналған брифинг барысында айтты.

Ол ақша нарығында негізінен ноттар шығарылымымен алынатын артық өтімділіктің сақталуда екенін айтты. «30 қарашада Қазақстан Ұлттық Банкінің **өтімділікті таза алуы** 2,7 трлн теңге болды. Айналыстағы қысқа мерзімді ноттардың көлемдері 3,5 трлн теңгені құрады. Қарашада ноттар бойынша кірістілік, мерзімділігіне қарай, 8,50%-8,88% аралығында қалыптасты», - деп түсіндірді Д. Ақышев.

Оның айтуынша, ағымдағы жылғы 10 айда **депозиттер** 17,6 трлн теңгеге дейін 0,8%-ға өсті. Ұлттық валютадағы депозиттердің өсуі 2,3%-ды құрады. Шетел валютасындағы депозиттер 10,8%-ға азайды. Нәтижесінде қазанның соңында депозиттерді долларландыру 46,9% болды.

«**Кредиттеу** нарығы қалпына келуде. Ағымдағы жылғы 10 айда жаңа кредиттер беру 25,1%-ға немесе 2,2 трлн теңгеге өсті. Қайта құрылымдаудан өтіп жатқан және лицензиясынан айырылған банктердің кредиттік портфелін есептемегенде экономиканы кредиттеудің жылдық өсуі 8,3%-ға немесе 966,5 млрд теңгеге бағалануда», - деді Д. Ақышев.

Сөзінің соңында ол кәсіпорындарға теңгемен кредиттер бойынша мөлшерлеменің жылдық басындағы 13,2%-дан 2018 жылғы қазанда 12,5%-ға дейін төмендегенін атап өтті.

Данияр Ақышев – Қазақстан Ұлттық Банкі ақша-кредит талаптарын бейтарап ретінде бағалауда

Қазақстан Ұлттық Банкі **ақша-кредит талаптарын** бейтарап деп бағалайды. Базалық мөлшерлеменің ағымдағы деңгейі 2019 жылдың соңына 4-6% жаңа нысаналы дәліз ішінде инфляцияны қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Бұл туралы Қазақстан Ұлттық Банкінің Төрағасы Данияр Ақышев телевизиялық БАҚ-қа арналған брифинг барысында айтып берді.

Ол базалық мөлшерлеменің ағымдағы деңгейінің ұзақ мерзімді әлеуетті мәндерге қатысты олардың жеңілдетілуіне немесе бәсеңдеуіне жол берместен, экономикалық өсу қарқындары тұрғысынан да бейтарап болып қалғанын атап өтті.

«Қазақстан Ұлттық Банкі жүргізетін пайыздық саясаты сыртқы факторлардың ішкі валюта нарығына қысымын теңестіруге мүмкіндік береді. Базалық мөлшерлеменің ағымдағы деңгейі теңгенің тиімді бағамының қалыптасуын қамтамасыз етуге және оның ішкі бағаларға әсерін төмендетуге ықпал етеді», - деп түсіндірді Д. Ақышев.

Оның айтуы бойынша, Қазақстан Ұлттық Банкінің ақша-кредит саясатының тиімділігін арттыру аясындағы маңызды міндеті базалық мөлшерлеменің нысаналы дәлізі шектерінде TONIA таргеттелетін индикаторының қысқа мерзімді болжамдылығын жақсарту болып қалады. «Яғни, операциялық рәсімдерді жетілдіру, сол сияқты пайыздық дәліз шектерінің тарылу маңыздылығын қарау есебінен TONIA индикаторын базалық мөлшерлеменен жақындату шараларын күшейту қажеттілігі сақталады. Ақша-кредит саясаты саласындағы қажетті шешімдерді Қазақстан Ұлттық Банкі базалық мөлшерлемені келесі жолы қайта қарау кезінде баяндайтын болады», - деп сөзін қорытты Д. Ақышев.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz